

"Болашақ" мөлтек ауданында орналасқан көшеге атау беру жайлы

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігі Қазығұрт ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 5 мамырдағы N 34 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 маусымда N 14-6-102 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" № 148 Заңының 35 бабын, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасын және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ Е Т Е М І Н :**

1. Қазығұрт ауылының "Болашақ" мөлтек ауданында орналасқан атауы жоқ көшеге соғыс және еңбек ардагері Әділ Сасбұқаев атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл әкімінің бас маман жер инспекторы М. У с е р б а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округі әкімі

Ж.Қалдияров